5. 4802 тауар позициясындағы»"хат, баспа немесе басқа графикалық мақсат үшін пайдаланылатын қағаз және картон"» және»"перфорацияланбаған карталар және перфорацияланған қағаз таспалар"»термині механикалық немесе химиялық-механикалық тәсілмен алынған ағартылған масса немесе массадан басты негізде жасалған және мынадай өлшемдердің кез келгенін қанағаттандыратын қағазды және картонды білдіреді:

Салмағы 150 г-нан аспайтын 1 м² қағаз немесе картон үшін:

а) механикалық немесе химикалық-механикалық тәсілмен алынған талшық құрамы 10 %-дан немесе одан да көп, және

1) салмағы 80 г-нан аспайтын 1 м², немесе

2) боялған массада; немесе

б) күлдігі 8 %-дан артық, және

1) салмағы 80 г. аспайтын 1 м², немесе

2) боялған массада; немесе

в) күлдігі 3 %-дан астам және ағартқыш 60 %-дан немесе артық; немесе

г) күлдік 3 %-дан астам бірақ 8 %-дан аспайтын, ағартқыш кемінде 60 %-дан және таптау индексі кемінде немесе 2,5 кПа м²/г тең; немесе

д) күлдік 3 %-дан немесе аз, ағартқыш 60 %-дан немесе көп және таптау индексі кемінде немесе 2,5 кПа м²/г тең;

Салмағы 150 г 1 м² көп қағаз немесе картон үшін:

а) боялған массада; немесе

б) ағартылуы 60 %-дан немесе одан да көп, және
1) қалыңдығы 225 мкм (микрон) немесе аз, немесе
2) қалыңдығы 225 мкм (микрон), бірақ 508 мкм (микрон) көп емес және күлі 3
%-дан көп; немесе

в) ағартылуы 60 %-дан аз, қалыңдығы 254 мкм (микрон) немесе аз және күлі
8 %-дан көп.

Алайда, 4802-тауар позициясына жабын картондарына арналған
қағаз-негіздегі немесе картон-негіздегі сүзгіш қағаз немесе картон (шай шығару
үшін пакеттерге арналған қағаздарды қоса) енгізілмейді.

6. Аталған топта»крафт-қағаз және крафт-картон термині химиялық сульфат
немесе натрон тәсілімен алынған, талшықтың жалпы салмағының 80 %-дан кем
емес талшықты құрайтын қағазды және картонды білдіреді.

7. Тауар позицияларында ерекше келісілгендерді қоспағанда, 4801-ден 4811-
ге дейінгі екі немесе одан да көп тауар позицияларына енгізілуі мүмкін болатын
қағаз, картон, целюллоза мақтасы және целюллоза талшығынан жасалған жайма
аталған тауар позицияларының ішінде кодтардың өсу тәртібіндегі соңғы тауар
позициясына енгізіледі.

8. 4801 және 4803-4809-тауар позицияларына тек қағаз, картон,
целлюлоза мақтасы және мынадай целюллоза талшығынан жасалған жайма
енгізіледі:

а) жолақтарда немесе таспаларда немесе ені 36 см-ден көп орамдардағы;
немесе

б) бір жақ беті 36 см көп, ал екінші жағы - жазылған күйде 15 см-ден көп төрт
бұрышты (квадраттарды қоса) парақтардағы.

9. 4814-тауар позициясындағы«тұсқағаз және ұқсас қабырға
жабындылары»термині тек:

а) қабырғаларды немесе төбені сәндеуге арналған ені 45-ден см кем емес
және 160 см артық болмайтын:

i) түйіршікті өрнектелген, бедерлі суретпен, үстіңгі беті боялған, баспа
суретімен немесе үстіңгі беті өзге тәсілдермен сәндендірілген (мысалы, тоқыма
түктерімен), қорғаныс қабаты мөлдір пластмассамен жабылған немесе
жабылмаған;

ii) сүректік, сабанның және т.б. бөлшектерінің қатысуымен пайда болған
үстіңгі беті бұдырлы;

iii) оң жақ беті пластмассамен жабылған, әрі бұл қабаттың түйіршікті өрнегі,
бедерлі суреті, бояуы баспа суреті болады; немесе

iv) оң жақ беті тоқуға, параллель тоқуда біріктірілген немесе біріктірілмеген
немесе мата немесе мата емес материалдармен жабылған орамдағы қағазды;

б) кабырға немесе төбелерді сәндеуге арналған орамдардағы немесе орамдардағы емес жоғарыда көрсетілген тәсілдермен өңделген қағаздан жасалған ернеулер мен әшекей бедерлерді;

в) бірнеше панелден дайындалған рулондардағы немесе парақтардағы қағаздан жасалған, пейзаждың орнына кабырғада суретті немесе оюды құрайтын кабырғалық жабындыларды ғана білдіреді.

Қабырға жабындылары және, сондай-ақ еденге, арналған жабынды ретінде де пайдалану үшін жарамды қағаз немесе картон негізінде жасалған бұйымдар 4815 тауар позициясына кіреді.

10. 4820 тауар позициясына басылған немесе басылмаған, өрнектелген немесе өрнектелмеген, перфорацияланған немесе перфорацияланбаған, мөлшері бойынша кесілген жеке парақтар немесе карталар кірмейді.

11. 4823 тауар позициясына жаккардалық немесе ұқсас машиналарға арналған перфорацияланған қағаз немесе картонды перфокарттар және қағаз шілтер *inter alia* кіреді.

12. 4814 немесе 4821 тауар позициясына кіретін бұйымдарды қоспағанда, бұйымның негізгі тағайындалуына сәйкес келетін басылған оюлары, суреттері және бейнелері бар қағаз, картон, целлюлоза мақтасы және олардан жасалған бұйымдар 49-топқа енгізіледі.

Қосалқы позицияларға ескертпелер :

1. 4804 11 және 4804 19 қосалқы позицияларындағы "крафт-лайнер"»термині рулондарда берілетін, талшықтың жалпы салмағының кемінде 80 %-ы химиялық сульфат немесе натрон тәсілімен алынған сүрек талшықтары құрайтын машина тәсілімен әрленген немесе жылтыратылған қағазды және картонды білдіреді. Мұндай бұйымдардың 1 м² салмағы 115 г асады және Мюллен бойынша басылудың ең аз кедергісі төмендегі кестенің мәндеріне сәйкес келеді. 1 м² массаның өзге мәндерінде басу кедергісі желілік интерполяция немесе экстраполяция жолымен анықталады.

Салмақ, г/м ²	Мюллен бойынша басылудың ең аз кедергісі, кПа
115	393
125	417
200	637
300	824

400	961
-----	-----

2. 4804 21 және 4804 29 қосалқы позицияларындағы "крафт-қапшықтық қағаз" термині талшықтың жалпы салмағының кемінде 80 % талшығы бар орамды құрайтын, химиялық сульфат немесе натрон тәсілімен алынған, машиналық әрлеу қағазын білдіреді, бұл қағаздың 1 м²-ның салмағы кемінде 60 г және 115 г-ды құрайды; бұл қағаз төменде келтірілген шарттардың бірін қанағаттандыруы тиіс:

а) Мюллен бойынша кемінде 3,7 кПа м²/г басу индексінің, созылу коэффициентінің көлденең бағытта 4,5 %-дан астам, ұзындық бағытта 2%-дан астам болуы;

б) төменде келтірілген кестеде көрсетілген шамаға сәйкес келетін сыпырылу мен үзілуге төзімділікке ең аз кедергісінің болуы, ал 1 м салмағының басқа мәндерінде олар желілік интерполяция әдісімен анықталады:

Салмақ, г/м ²	Сыпырылуға ең аз кедергі, мН үзілуге ең аз кедергі, кН/м		Үзілуге ең аз кедергі, кН/м	
	Ұзындық бағытында	Ұзындық және көлденең бағытында	Көлденең бағытында	Ұзындық және көлденең бағытында

60	700	1510	1,9	6
70	830	1790	2,3	7,2
80	965	2070	2,8	8,3
100	1230	2635	3,7	10,6
115	1425	3060	4,4	12,3

3. 4805 11 қосалқы позициясындағы "жартылай целлюлозадан жасалған гоффрилеуге арналған қағаз" термині талшықтың жалпы салмағының 65%-нан

кем емес мөлшерін жартылай химиялық тәсілмен алынған жапырақты сүректің ағартылмаған талшығы құрайтын орамдардағы қағазды білдіреді, бұл қағаздың СТМ 30 (30 минуттық ұстау кездегі Corrugated Medium Test) әдісі бойынша өлшенген басылу кедергісі 50% тиісті ылғалдылық пен 230С температура кезінде 1,8 Н м2/г асады.

4. 4805 12 қосалқы позициясына жартылай химиялық тәсілмен алынған 1 м2-ның салмағы 130 г немесе одан астам болатын, негізінен сабанды целлюлозадан дайындалған орамдардағы қағаз енгізіледі, бұл қағаздың СТМ 30 (30 минуттық ұстау кездегі Corrugated Medium Test) әдісі бойынша өлшенген басылу кедергісі 50% тиісті ылғалдылық пен 230С температура кезінде 1,4 Н м2/г асады.

5. 4805 24 және 4805 25 қосалқы позициялары толығымен немесе негізінен қайта өңделген қағаздар мен картоннан (макулатура мен қалдықтардан) алынған қағаз бен картонды қамтиды. Тест-лайннің сол сияқты боялған қағаздан немесе ағартылған немесе ағартылмаған қайта өңдеу салмағынан алынған үстіңгі қабатының болуы мүмкін. Мұндай бұйымдардың кемінде 2 кПа м2/г Мюллен бойынша басу индексі болады.

6. 4805 30 қосалқы позициясындағы "сульфитты орам қағазы" термині талшықтың жалпы салмағының 40%-дан асатын құрамында 8%-дан аспайтын күлі және кемінде 1,47 кПа м2/г Мюллен бойынша қысу индексі бар химиялық сульфит тәсілімен алынған сүректі талшық құрайтын машиналық тәсілмен жылтыратылған қағазды білдіреді.

7. 4810 22 қосалқы позициясындағы "жеңіл салмақты борланған қағаз" термині 1 м2-ның жалпы салмағы 72 г аспайтын, әрі әрбір үстіңгі бетіндегі жабу қабатының 1 м2-ның жалпы салмағы 15 г аспауы тиіс болатын және талшықтың жалпы салмағының кем дегенде 50 % механикалық тәсілмен алынған сүрек талшығы құрайтын екі жағынан да борланған қағазды білдіреді.

СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Қос.өлш.бір.	Баж ставкасы (кеден құнының пайызымен не евромен)
4801 00 000 0	Орамдағы немесе парактардағы газеттік қағаз	-	5

4802	Хат, баспа немесе басқа графикалық мақсаттар үшін пайдаланылатын борланбаған қағаз және картон, және орамдағы немесе кез келген мөлшердегі төртбұрышты (
------	--	--	--

	шаршыны қоса алғанда) парақтардағы перфорацияланбаған карталар және перфорацияланбаған қағаз таспалар, 4801 немесе 4803-тауар позициясындағы қағаздардан басқа; қолдан құйылған қағаз және картон:		
4802 10 000 0	-қолдан құйылған қағаз және картон:	-	5
4802 20 000 0	-қағаз бен картонның фото-, жылу-немесе электр сезгіштігі үшін негіз ретінде пайдаланылатын қағаз немесе картон		5
4802 30 000 0	-қағаз-көшірме қағазы үшін негіз	-	5
4802 40	-қағаз-тұсқағаз үшін негіз:		
4802 40 100 0	--механикалық тәсілмен алынған немесе талшықтың жалпы салмағының 10% аспайтын бөлігін осындай талшық құрайтын талшықтарды қамтымайтын	-	0
4802 40 900 0	--өзгелер	-	0
	-механикалық немесе химия-механикалық тәсілмен алынған немесе талшықтың жалпы салмағының 10 %-дан аспайтын бөлігін осындай талшық құрайтын талшықтарды қамтымайтын өзге де қағаз және картон:		
4802 54	--1 м2 салмағы 40 г-ға жетпейтін:		
4802 54 100 0	---1м2 салмағының қағазы 15 г-нан аспайтын, трафареттер жасау үшін қолданылатын		5
4802 54 900 0	---өзгелері	-	5
4802 55 000 0	--1 м2 салмағы 40-тан 150 г-ға дейінгі орамдардағы	-	5
4802 56	--салмағы 1 м2 40-тан 150 г-ға дейін парақта бір бетінің мөлшері 435 мм көп емес, ал екінші беті жазылған күйінде 297 мм көп емес		
4802 56 100 0	---бір бетінің мөлшері 297 мм және басқа жағының мөлшері 210 мм (А4 пішіні)	-	5

--	--	--	--

4802 57 000 0	--1 м2 салмағы 40-тан 150 г-ға дейінгі өзгелері	-	5
4802 58	--1 м2 салмағы 150 г-нан аспайтын:		
4802 58 100 0	---орамдардағы:	- -	5
4802 58 900 0	---табақтардағы	-	5
	-механикалық немесе химия-механикалық тәсілмен алынған, талшықтың жалпы салмағының 10%-дан аспайтын талшықтарды қамтитын өзге де қағаз және картон:		
4802 61	--орамдардағы:		
4802 61 100 0	---4801-тауар позициясында көрсетілгеннен басқа газет қағазы	-	5
4802 61 500 0	---1 м2 салмағы 72 г кем және талшықтарының жалпы салмағынан 50%-дан асатын механикалық тәсілмен алынған талшық құрайтын өзгелері	-	5
4802 61 900 0	---өзгелері	-	5
4802 62	--бір бетінің мөлшері 435 мм көп емес, ал екінші беті жазылған күйінде 297 мм көп емес табақтардағы:		
4802 62 100 0	---4801-тауар позициясында көрсетілгеннен басқа газет қағазы	-	5
4802 62 500 0	---1 м2 салмағы 72 г кем және талшықтарының жалпы салмағынан 50%-дан асатын механикалық тәсілмен алынған талшық құрайтын өзгелері	-	5
4802 62 900 0	---өзгелері	-	5
4802 69	--өзгелері:		
4802 69 100 0	--4801 тауар позициясында көрсетілгеннен басқа газет қағазы	-	5
4802 69 500 0	---1 м2 салмағы 72 г кем және талшықтарының жалпы салмағынан 50 %-дан асатын механикалық	-	

	тәсілмен алынған талшық құрайтын өзгелері		5
4802 69 900 0	---өзгелері	-	5

4803 00	Крепирленген немесе крепирленбеген, гофрленген немесе гофрленбеген, батырылып бедерленген немесе батырылып бедерленбеген, перфорацияланған немесе перфорацияланбаған, үстіңгі беті боялған немесе боялмаған, басылған немесе басылмаған орамдардағы немесе парақтардағы дәретхана қағазы, сулық немесе бет сүртуге арналған сулық, сүлгі немесе жаялықтар және шаруашылық-тұрмыстық немесе санитарлық-гигиеналық мақсаттардағы қағаздың басқа түрлері, целлюлоза мақта және целлюлоза талшығынан жасалған жайма қағаз:		
4803 00 100 0	-целлюлоза мақтасы	-	5
	-крепирленген қағаз және әр қабатының 1 м2 салмағы целлюлоза талшығынаң жасалған жайма-қағаз:		
4803 00 310 0	--25 г-нан аспайтын	-	5
4803 00 390 0	--25 г-нан асатын	-	5
4803 00 900 0	-өзгелері	-	5
4804	4802 немесе 4803-тауар позициясында көрсетілгендерден басқа, орамдардағы немесе парақтардағы крафт-қағаз және борланбаған крафт-картон:		
	-крафт-лайнер:		
4804 11	--ағартылмаған:		
	---талшықтардың жалпы салмағының кемінде 80 % химиялық сульфат немесе натронды әдіспен алынған қылқан жапырақты тұқымдастар сүрегiнiң талшықтарын құрайтын:		

4804 11 110 0	----1 м2 150 г-нан кем	-	5
4804 11 150 0	----1 м2 150 г немесе одан да астам, бірақ 175 г-нан аспайтын	-	5
4804 11 190 0	----1 м2 салмағы 175 г немесе одан жа астам	-	5
4804 11 900 0	---өзгелері	-	5
4804 19	--өзгелері:		

	---химиялық сульфат немесе натронды әдіспен алынған қылқан жапырақты тұқымдастар сүрегінің талшықтары талшықтардың жалпы салмағының кемінде 80%-ын құрайтын:		
	----ағартылмаған және ағартылған бір сыртқы қабаттан тұратын, 1 м2 салмағы жартылай ағартылған немесе боялған бір немесе бірнеше қабаттардан тұратын:		
4804 19 110 0	-----150 г кем	-	5
4804 19 150 0	-----1 м2 150 г немесе одан да асатын, бірақ 175 г кем емес	-	5
4804 19 190 0	-----175 г немесе одан да асатын	-	5
	----1 м2 салмағы бар өзгелері		
4804 19 310 0	-----150 г кем	-	5
4804 19 380 0	-----150 г немесе одан да асатын	-	5
4804 19 900 0	---өзгелері	-	5
	-қапшық крафт-қағаз:		
4804 21	--ағартылмаған:		
4804 21 100 0		-	

	---талшықтардың жалпы салмағының кемінде 80% -ы химиялық сульфат немесе натронды әдіспен алынған қылқан жапырақты тұқымдастар сүрегінің талшықтарын құрайтын:		5
4804 21 900 0	---өзгелері	-	5
4804 29	--өзгелері:		
4804 29 100 0	---талшықтардың жалпы салмағының кемінде 80% -ы химиялық сульфат немесе натронды әдіспен алынған қылқан жапырақты тұқымдастар сүрегінің талшықтарын құрайтын:	-	5
4804 29 900 0	---өзгелері	-	5
	-1 м2 салмағы 150 г немесе одан да кем крафт-қағаз және крафт-картон:		
4804 31	--ағартылмаған:		
4804 31 100 0	---5308 тауар позициясындағы қағаз иірімдерін немесе 5607 тауар позициясындағы арматурланған металмен қағаз иірімдерін дайындау үшін	-	5

	---өзгелері:		
	----талшықтардың жалпы салмағының кемінде 80%-ы химиялық сульфат немесе натронды әдіспен алынған қылқан жапырақты тұқымдастар сүрегінің талшықтарын құрайтын		
4804 31 510 0	----электротехникалық оқшауланған крафт-қағаз	-	5
4804 31 590 0	----өзгелері	-	5
4804 31 900 0	----өзгелері	-	5
4804 39	--өзгелері:		

4804 39 100 0	---5308 тауар позициясындағы қағаз иірімдерін немесе 5607 позициядағы тауар позициясындағы армирленген металмен қағаз иірімдерін дайындау үшін	-	5
	---өзгелері:		
	----талшықтардың жалпы салмағының кемінде 80%-ы химиялық сульфат немесе натронды әдіспен алынған қылқан жапырақты тұқымдастар сүрегiнiң талшықтарын құрайтын:		
4804 39 510 0	----бүкіл салмағы бойынша біркелкі ағартылған	-	5
4804 39 590 0	----өзгелері		5
4804 39 900 0	----өзгелері	-	5
	-1 м2 салмағы 150 г-нан астам, бірақ 225 г-нан аспайтын немесе крафт-қағаз және крафт-картон:		
4804 41	--ағартылмаған:		
4804 41 100 0	---талшықтардың жалпы салмағының кемінде 80%-ы химиялық сульфат немесе натронды әдіспен алынған қылқан жапырақты тұқымдастар сүрегiнiң талшықтарын құрайтын	-	5
	---өзгелері:		
4804 41 910 0	----сiңдiрiлген крафт		5

4804 41 990 0	---өзгелері	-	5
4804 42	--бүкіл салмағы бойынша біркелкі ағартылған және 95%-дан астам жалпы салмағын химиялық әдіспен алынған сүрек талшықтары құрайтын:		
4804 42 100 0	---талшықтардың жалпы салмағының кемінде 80%-ы химиялық сульфат немесе натронды әдіспен алынған қылқан жапырақты		

	тұқымдастар сүрегінің талшықтарын құрайтын		5
4804 42 900 0	---өзгелері	-	5
4804 49	--өзгелері:		
4804 49 100 0	---талшықтардың жалпы салмағының кемінде 80% -ы химиялық сульфат немесе натронды әдіспен алынған қылқан жапырақты тұқымдастар сүрегінің талшықтарын құрайтын		5
4804 49 900 0	---өзгелері	-	5
	-1 м2 салмағы 225 г және одан да асатын крафт-қағаз және крафт-картон:		
4804 51	--ағартылмаған:		
4804 51 100 0	---талшықтардың жалпы салмағының кемінде 80% -ы химиялық сульфат немесе натронды әдіспен алынған қылқан жапырақты тұқымдастар сүрегінің талшықтарын құрайтын	-	5
4804 51 900 0	---өзгелері	-	5
4804 52	--бүкіл салмағы бойынша біркелкі ағартылған және 95%-нан астам жалпы салмағын химиялық әдіспен алынған сүрек талшықтары құрайтын:		
4804 52 100 0	---талшықтардың жалпы салмағының кемінде 80% -ы химиялық сульфат немесе натронды әдіспен алынған қылқан жапырақты тұқымдастар сүрегінің талшықтарын құрайтын	-	5
4804 52 900 0	---өзгелері	-	5
4804 59	--өзгелері:		

4804 59 100 0	---талшықтардың жалпы салмағының кемінде 80%- ы химиялық сульфат немесе натронды әдіспен алынған қылқан жапырақты тұқымдастар сүрегінің талшықтарын құрайтын	-	
---------------	--	---	--

			5
4804 59 900 0	---өзгелері	-	5
4805	Одан әрі өңделмеген немесе аталған топқа 3-ескертпеде көрсетілгендей өңделген орамдардағы немесе парақтардағы борланбаған өзге де қағаз және картон:		
	-гофрлеуге арналған қағаз:		
4805 11 000 0	--жартылай целлюлоздан жасалған гофрлеуге арналған қағаз	-	5
4805 12 000 0	--сабан салмағынан алынған гофрлеуге арналған қағаз	-	5
4805 19	--өзгелері:		
4805 19 100 0	---Wellenstoff қағазы	-	5
4805 19 900 0	---өзгелері	-	5
	-тест-лайнер (гофрленген картонның тегіс қабатына арналған регенерленген картон):		
4805 24 000 0	--салмағы 150 1 м2 г немесе одан кем	-	5
4805 25 000 0	--салмағы 150 1 м2 г артық	-	5
4805 30	-сульфатты орам қағазы:		
4805 30 100 0	--1 м2 салмағы 30 г-нан кем	-	5
4805 30 900 0	--1м2 салмағы 30 г немесе одан астам	-	5
4805 40 000 0	-сүзілген қағаз және картон	-	5
4805 50 000 0	-жабын картонға арналған қағаз негізі және картон негізі	-	5
	-өзгелері:		
4805 91	--салмағы 150 1 м2 г немесе аз:		
4805 91 100 0	---көп қабатты қағаз және картон (4805 12, 4805 19, 4805 24 немесе	-	

	4805 25 қосалқы позицияларда көрсетілгеннен басқа)		5
	---өзгелері:		
4805 91 910 0	----гофрленген қағаздар мен картонға арналған қағаздар мен картон	-	5
4805 91 990 0	----өзгелері	-	5
4805 92	--салмағы 150 1 м2 г артық, бірақ 225 г-нан кем:		

4805 92 100 0	---көп кабаггы қағаз және картон (4805 12, 4805 19, 4805 24 немесе 4805 25 қосалқы позицияларда көрсетілгеннен басқа)	-	5
	---өзгелері:		
4805 92 910 0	----гофрленген қағаздар мен картонға арналған қағаздар мен картон	-	5
4805 92 990 0	----өзгелері	-	5
4805 93	--салмағы 1 м2 225 г немесе артық:		
4805 93 100 0	---көп қабатты қағаз және картон (4805 12, 4805 19, 4805 24 немесе 4805 25-қосалқы позицияларда көрсетілгеннен басқа)	-	5
	---өзгелері:		
4805 93 910 0	----макулатурадан дайындалған	-	5
4805 93 990 0	----өзгелері	-	5
4806	Орамдардағы немесе парақтардағы өсімдік пергаменті, май өткізбейтін қағаз, калька және пергамин және өзге де жылтыр мөлдірлі немесе жартылай жылтыр қағаз:		
4806 10 000 0	-өсімдікті пергамент	-	

			5
4806 20 000 0	-май өткізбейтін қағаз	-	10
4806 30 000 0	-калька	-	5
4806 40	-пергамин және мықты жылтыр мөлдірлі немесе жартылай жылтыр қағаз:		
4806 40 100 0	--пергамин	-	5
4806 40 900 0	--мықты	-	10
4807 00	Үстіңгі беті қапталмаған немесе сіңірілген, арматураланған немесе арматураланбаған, орамдардағы немесе парақтардағы көп қабатты тегіс қабат қағазды немесе картонды адгезивтің көмегімен желімдеу жолымен дайындалған) қағаз және картон:		
4807 00 100 0	-қабаттары өзара битум, гудрон немесе асфальт көмегімен қосылған қағаз және картон	-	5
	-өзгелері		

4807 00 200 0	--басқа түрдегі қағаз жамылған немесе жамылмаған сабан салмағынан жасалған қағаз және картон	-	5
	--өзгелері:		
4807 00 500 0	---қағаз жамылған немесе жамылмаған макулатурадан дайындалған	-	5
4807 00 900 0	---өзгелері	-	5
4808	4803 тауар позициясында көрсетілгендерден басқа орамдардағы немесе парақтардағы гофрленген (желімделген немесе желімделмеген сыртқы парағы тегістелген), бекітілген, сығылған немесе перфорацияланған қағаз және картон:		
4808 10 000 0	-гофрленген, перфорацияланған немесе перфорацияланбаған қағаз және картон	-	

			5
4808 20 000 0	-қапшыққа бекітілген немесе гофрленген, сығылған немесе сығылмаған, перфорацияланған немесе перфорацияланбаған мықты крафт-қағаз	-	5
4808 30 000 0	-қапшыққа бекітілген немесе гофрленген, сығылған немесе сығылмаған, перфорацияланған немесе перфорацияланбаған мықты крафт-қағаз	-	5
4808 90 000 0	-өзгелері	-	5
4809	Орамдарда немесе парақтарда басылған көшіріп басылатын, өздігінен көшіріп басылатын қағаз немесе аударылатын қағаз (көшіру аппараттары немесе офсеттік пластиналар трафареттері үшін жамылғы және сіндірілген қағаздарды қоса алғанда):		
4809 10 000 0	-көшіретін немесе оған ұқсас қағаз	-	5
4809 20	өз-өзінен көшіретін қағаз:		
4809 20 100 0	--орамдардағы	-	5
4809 20 900 0	--парақтардағы	-	5
4809 90 000 0	-өзгесі	-	5

4810	Орамдарда немесе кез келген мөлшердегі (төртбұрыштыларын қоса) парақтағы бір немесе екі жағынан коалинмен (қытай балшығы) немесе басқа да органикалық емес заттармен жабылған, байланыстырғыш заттарды пайдалана отырып немесе оларсыз және боялған немесе боялмаған, әшекейленген немесе әшекейленбеген беті бар қандай бір басқа жабындысыз басылған немесе басылмаған қағаз және картон:		
	-хат, басқа немесе басқа да графикалық мақсаттар үшін пайдаланылатын, механикалық немесе химиялық-механикалық тәсілмен алынған немесе мұндай талшық талшықтың жалпы салмағының 10 %-дан аспайтын талшықты құрайтын қағаз және картон:		

4810 13	--орамдардағы:		
	---ені 15 см-ден астам:		
4810 13 110 0	----салмағы 1 м2150 г-нан аспайтын, фото-, жылу- және электрге сезімтал негіз ретінде пайдаланылатын қағаздан немесе картоннан жасалған қағаз және картон	-	5
4810 13 190 0	----өзгелері	-	5
	---өзгелері:		
4810 13 910 0	----басылған, сығылған немесе перфорацияланған	-	5
4810 13 990 0	----өзгелері	-	5
4810 14	--бір жағының мөлшері 435 мм-ден аспайтын, басқасы жазылған түрінде 297 мм-ден аспайтын парақтарда:		
	---бір жағының мөлшері 360 мм-ден асатын және басқа жағының мөлшері жазылған түрінде 155 мм-ден асатын:		
4810 14 110 0	----салмағы 1 м2150 г-нан аспайтын, фото-, жылу- және электрге сезімтал негіз ретінде пайдаланылатын қағаздан немесе картоннан жасалған қағаз және картон	-	5

4810 14 190 0	----өзгелері	-	5
	---өзгелері:		
4810 14 910 0	----басылған, сығылған немесе перфорацияланған	-	5
4810 14 990 0	----өзгелері	-	5
4810 19	--өзгелері:		

4810 19 100 0	---салмағы 1 м2 150 г-нан аспайтын, фото-, жылу- және электрге сезімтал негіз ретінде пайдаланылатын қағаздан немесе картоннан жасалған қағаз және картон	-	5
4810 19 900 0	---өзгелері	-	5
	-механикалық немесе химиялық-механикалық әдіспен алынған, талшықтарының жалпы салмағының 10 %-дан аспайтын құрамында тлшықтары бар хат, баспа немесе басқа да графикалық мақсаттар үшін пайдаланылатын қағаз және картон		
4810 22	--борланған салмағы жеңіл қағаз:		
4810 22 100 0	---бір жағының мөлшері 36 см-ден асатын және басқа жағының мөлшері жазылған түрінде 15 см-ден асатын ені 15 см-ден асатын орамдардағы немесе парақтардағы	-	5
	---өзгесі:		
4810 22 910 0	----басылған, сығылған немесе перфорацияланған	-	5
4810 22 990 0	----өзгесі	-	5
4810 29	--өзгелері:		
	---бір жағының мөлшері 36 см-ден асатын және басқа жағының мөлшері жазылған түрінде 15 см-ден асатын ені 15 см-ден асатын орамдардағы немесе парақтардағы:		
	----орамдардағы:		
4810 29 110 0	-----тұсқағаздар үшін негіз	-	5
4810 29 190 0	-----өзгелері	-	5
4810 29 200 0	---парақтардағы	-	5
	---өзгелері:		
4810 29 910 0	----басылған, сығылған немесе перфорацияланған	-	

			5
--	--	--	---

4810 29 990 0	----өзгелері	-	5
	-хат, баспа немесе басқа да графикалық максаттар үшін пайдаланылатыннан басқа крафт-қағаз және крафт-картон:		
4810 31 000 0	--бүкіл салмағы бойынша біркелкі ағартылған және 95%-нан астам жалпы салмағын химиялық әдіспен алынған, салмағы 1 м2 150 г немесе одан аспайтын сүрек талшықтары құрайтын	-	5
4810 32	--бүкіл салмағы бойынша біркелкі ағартылған және 95 %-дан астам жалпы салмағын химиялық әдіспен алынған, салмағы 1 м2 150 г немесе одан да кем сүрек талшықтары құрайтын:		
4810 32 100 0	---каолин жамылған	-	5
4810 32 900 0	---өзгелері	-	5
4810 39 000 0	--өзгелері	-	5
	-өзге де қағаз және картон:		
4810 92	--көп қабатты:		
4810 92 100 0	---бүкіл ағартылған қабаттарымен	-	5
4810 92 300 0	---тек ағартылған бір ғана сыртқы қабаты бар	-	5
4810 92 900	---өзгелері:		
4810 92 900 1	----ені 29 см-ден асатын, 1 м2 салмағы кемінде 180 г, бірақ 250 г-нан аспайтын және 200 мкм (микрон), бірақ 350 мкм-нен (микрон) аспайтын орамдардағы борланған картон		5
4810 92 900 9	----өзгелері	-	5

4810 99	--өзгелері:		
4810 99 100 0	---каолин жамылған ағартылған қағаз және картон	-	5
4810 99 300 0	---слюда унтағын жамылған	-	5
4810 99 900 0	---өзгелері	-	5
4811	4803, 4809 немесе 4810-тауар позицияларындағыдан басқа, орамдардағы немесе кез келген мөлшердегі тертбұрышты (шаршыны қоса алғанда) парактардағы, жабындысы бар сіңірілген, ламинацияланған, боялған немесе әшекейленген целлюлоза талшықтарынан жасалған қағаз, картон, целлюлоза мақтасы және жайма қағаз:		

4811 10 000 0	-гудрондалған, битумдалған немесе асфальтталған қағаз және картон	-	5
	-гуммирланған немесе желімделген қағаз және картон:		
4811 41	--өздігінен желімделетін:		
4811 41 100 0	---бір жағының мөлшері 36 см-ден асатын және басқа жағының мөлшері жазылған түрінде 15 см-ден астам ені 15 см-ден астам орамдардағы немесе парактардағы:	-	0
	---өзгелері:		
4811 41 910 0	----ені 10 см-ден аспайтын, вулканизацияланған, табиғи немесе синтетикалық каучук жамылған	-	0
4811 41 990 0	----өзгелері	-	0
4811 49	--өзгелері:		
4811 49 100 0	---бір жағының мөлшері 36 см-ден асатын және басқа жағының мөлшері	-	0

	жазылған түрінде 15 см-ден асатын ені 15 см-ден астам орамдардағы немесе парактардағы:		
4811 49 900 0	---өзгелері	-	0
	-жабындысы, сіңірмесі бар немесе пластмассадан ламинацияланған (желімді қоспағанда) қағаз және картон:		
4811 51 000 0	--1 м2 салмағы 150 г-нан астам ағартылған	-	5
4811 59 000 0	--өзгелері	-	5
4811 60 000 0	-жабылған немесе балауыз, парафин, стеарин, май немесе глицерин сіңірілген қағаз және картон	-	5
4811 90	-целлюлоза мақтасы және целлюлоза талшығынан жасалған жайма қағаз, картон, басқалары:		

4811 90 100 0	--бір жағының мөлшері 36 см-ден асатын және басқа жағының мөлшері жазылған түрінде 15 см-ден асатын ені 15 см-ден астам орамдардағы кесілмеген басқа нысандары	-	5
4811 90 900 0	--өзгелері	-	5
4812 00 000 0	Блоктар, тақташалар және қағаз салмағынан жасалған сүзгі пластиналар	-	5
4813	Кітапшалардың немесе трубкалардың мөлшері мен нысаны бойынша кесілген немесе кесілмеген папиростық қағаз:		
4813 10 000 0	-кітапшалар немесе трубкалар нысанындағы	-	5
4813 20 000 0	-ені 5 см-ден аспайтын орамдардағы	-	5
4813 90 000 0	-өзгесі	-	5
4814	Тұсқағаз және ұқсас қабырға жабындылары; терезелерге арналған мөлдір қағаз:		

4814 10 000 0	-дақтары бар қағаз	-	15, бірақ кемінде 1 кг үшін 0,4 евро
4814 20 000 0	-қағаздан жасалған, беткі жағы бүршікті, батырылған, бедерлі, боялған, басып салынған суреттері бар немесе өзге тәсілмен пластмасса қабатымен әшекейленген тұсқағаз және ұқсас қабырға жабындылары	-	15, бірақ кемінде 1 кг үшін 0,4 евро
4814 30 000 0	-қағаздан жасалған, беткі жағы параллель жіптермен байланған немесе байланбаған немесе мата немесе мата емес материалдармен тоқылған тұсқағаз және ұқсас қабырға жабындылары	-	15, бірақ кемінде 1 кг үшін 0,4 евро
4814 90	-өзгелері:		
4814 90 100 0	--бүршікті жасалған, батырылған, боялған, басып салынған суреттері бар немесе өзге тәсілмен пластмассаның қорғаныш мөлдір қабатымен жабылып әшекейленген тұсқағаз және ұқсас қабырға жабындылары	-	15, бірақ кемінде 1 кг үшін 0,4 евро
4814 90 900 0	--өзгелері	-	15, бірақ кемінде 1 кг үшін 0,4 евро

4815 00 000 0	Мөлшері бойынша кесілген немесе кесілмеген қағаз немесе картонның негізіндегі еденге арналған жабындылар	м2	5
4816	Қораптар салынған немесе салынбаған көшіру, өздігінен көшіру және өзге де көшіру қағазы немесе аудару қағазы (4809 тауар позициясындағы қағаздардан басқа), көшіру аппараттарына арналған трафареттер және қағаздан жасалған офсеттік пластиналар:		
4816 10 000 0	-көшіру қағазы немесе ұқсас қағаз	-	5
4816 20 000 0	-өздігінен көшіру қағаздары	-	5
4816 30 000 0	-көшіру аппараттары үшін трафареттер	-	5

4816 90 000 0	-өзгелері	-	5
4817	Қағаздан немесе картоннан жасалған конверттер, хатқа арналған кәртiшкелер, суретсіз почталық открыткалар мен хат жазысуға арналған кәртiшкелер; қағаздан немесе картоннан жасалған қағаз, кеңсе керек-жарақтарының жиынтығын құрайтын қораптар, сөмкелер, футлярлар мен компендиумдар:		
4817 10 000 0	-конверттер	-	5
4817 20 000 0	-хатқа арналған кәртiшкелер, суреті жоқ открыткалар мен хат жазысуға арналған кәртiшкелер	-	5
4817 30 000 0	-қағаздан немесе картоннан жасалған қағаз, кеңсе керек-жарақтарының жиынтығын құрайтын қораптар, сөмкелер, футлярлар мен компендиумдар	-	5

4818	Ені 36 см-нен аспайтын орамдардағы немесе мөлшері немесе нысаны бойынша кесілген шаруашылық-тұрмыстық немесе санитарлық-гигиеналық мақсаттарға арналған целлюлоза талшықтарынан жасалған дәретхана қағазы және ұқсас қағаздар, целлюлоза матасы немесе жайма қағаз; бет орамалдары, косметикалық салфеткалар, сүлгілер, дастархандар, майлықтар, бала жаялықтары, тампондар, ақжаймалар және шаруашылық-тұрмыстық немесе санитарлық-гигиеналық немесе медициналық мақсаттарға арналған ұқсас бұйымдар, қағаз салмағынан, қағаздан, целлюлоза матасынан немесе целлюлоза талшықтарынан жасалған, жайма қағаздан жасалған киім заттары мен керек-жарақтары:		
4818 10	-дәретханақағазы:		
4818 10 100 0	--әр қабатының 1 м2 салмағынан 25 г немесе одан аспайтын	-	20
4818 10 900 0	--әр қабатының 1 м2салмағынан 25 г-нан астам	-	20
4818 20	-бет орамалдар, косметикалық сулықтар немесе бетке арналған сулық және сүлгі:		
4818 20 100 0	--бет орамалдар, косметикалық сулықтар немесе бетке арналған сулық	-	

			5
	--қол сүртетін сүлгі:		
4818 20 910 0	---орамдардағы	-	5
4818 20 990 0	---өзгелері	-	5
4818 30 000 0	-дастархан және майлықтар	-	5
4818 40	-әйелдердің гигиеналық төсемдері және тампондары, бала жаялықтары және жөргектері және ұқсас санитарлық-гигиеналық бұйымдар:		
	--әйелдердің гигиеналық төсемдері»және тампондар мен ұқсас бұйымдар		
4818 40 11 00	---әйелдердің гигиеналық төсемдері	-	0
4818 40 130 0	---тампондар	-	0
4818 40 190 0	---өзгелері	-	0

	--бала жаялықтары және жөргектері мен ұқсас санитарлық-гигиеналық бұйымдар:		
4818 40 910	---бөлшек сауда үшін буып-түйілген	-	0
4818 40 990 0	-өзгелері	-	0
4818 50 000 0	-киім заттары және киімге керек-жарақтар		5
4818 90	-өзгелері:		
4818 90 100 0	--хирургиялық, медициналық гигиеналық мақсаттарда қолданылатын, бөлшек сауда үшін буып-түйілмеген	-	0
4818 90 900 0	--өзгелері	-	0
4819	Қағаздан, картоннан, целлюлоза мақтасынан немесе целлюлоза талшықтарынан жасалған жайма қағаздан жасалған үлкен картон қораптар, жәшіктер, қораптар,		

	қапшықтар, пакеттер және басқа да орам ыдыстары; мекемелерде, дүкендерде немесе ұқсас мақсаттарда пайдаланылатын қағаздан немесе картоннан жасалған картотекаларға арналған науалар және ұқсас бұйымдар:		
4819 10 000 0	-гофрленген қағаздан немесе гофрленген картоннан жасалған үлкен картон қораптар, жәшіктер және қораптар	-	10
4819 20	-гофрленбеген қағаздан немесе гофрленбеген картоннан жасалған жинамалы үлкен картон қораптар , жәшіктер және қораптар:		
4819 20 100 0	--1 м2 салмағы 600 г-нан кем қағаз немесе картон	-	10
4819 20 900 0	--1 м2 салмағы 600 г немесе одан астам қағаз немесе картон		10
4819 30 000	-ені 40 см немесе одан астам негіздегі қапшықтар және пакеттер:		
4819 30 000 1	--қапшықтар	-	10
4819 30 000 2	--пакеттер	-	10
4819 40 000 0	-кулиді қоса алғанда, өзге де қапшықтар мен пакеттер	-	10

4819 50 000 0	-грампластинкаларға арналған конверттерді қоса алғанда, өзге де орамалар	-	10
4819 60 000 0	-картотекаға арналған қораптар, хаттарға арналған науарлар, мекемелерде, дүкендерде немесе ұқсас мақсаттарда құжаттарды сақтауға арналған жәшіктер және ұқсас бұйымдар	-	10
4820	Қағаздан немесе картоннан жасалған тіркеу журналдары, бухгалтерлік кітаптар, қойын кітаптары, тапсырыс кітаптары, түбіртек кітаптары, хаттарға, естелік жазбаға арналған блокноттар, күнделіктер және ұқсас бұйымдар, дәптерлер, сорғыш қағазы, алынбалы қаптауышы бар блокноттар (жұлынбалы парақтарға және басқаларға арналған) блокноттар, папкалар, құжат тігілетін папкалар, өздігінен көшіру іс бланкілері,		

	парақтап салынған көшіру жиынтығы және басқа да кеңсе тауарлары; қағаздан немесе картоннан жасалған үлгіге арналған немесе топтамаға арналған альбомдар және кітаптарға арналған мұқабалар:		
4820 10	-тіркеу журналдары, бухгалтерлік кітаптар, қойын кітаптары, тапсырыс кітаптары, түбіртек кітаптары, хаттарға, естелік жазбаға арналған блокноттар, күнделіктер және ұқсас бұйымдар:		
4820 10 100 0	--тіркеу журналдары, бухгалтерлік кітаптар, тапсырыс кітаптары және түбіртек кітаптары	-	5
4820 10 300 0	--қойын кітаптары, хаттар мен естелік жазбаға арналған блокноттар	-	5
4820 10 500 0	--күнделіктер	-	5
4820 10 900 0	--өзгелері	-	5
4820 20 000 0	-дәптерлер	-	5

4820 30 000 0	-алынбалы мұқабалар (кітаптарға арналған тыстан басқа), папқалар және құжаттар тігілетін папқалар	-	5
4820 40	-өздігінен көшіру іс бланкілері және парақтап салынған көшіру жиынтығы:		
4820 40 100 0	--кесілмеген басқа нысандары		5
4820 40 900 0	--өзгелері		5
4820 50 000 0	-үлгіге немесе топтамаға арналған альбомдар		5
4820 90 000 0	-өзгелері		5
4821	Басылған немесе басылмаған қағаздан немесе картоннан жасалған жапсырмалардың және этикеткалардың барлық түрлері:		
4821 10	-басылған:	-	
4821 10 100 0	--өздігінен жапсырылатын	-	

			5
4821 10 900 0	--өзгелері	-	5
4821 90	-өзгелері:		
4821 90 100 0	--өздігінен жапсырылатын	-	5
4821 90 900 0	--өзгелері	-	5
4822	Қағаз салмағынан жасалған орауыш, катушкалар, шпулалар және ұқсас ұстағыштар, қағаздар немесе (перфорацияланған немесе перфорацияланбаған, арматурланған немесе арматурланбаған):		
4822 10 000 0	-тоқыма жіптерді орау үшін пайдаланылатын	-	5
4822 90 000 0	-өзгелері	-	5
4823	Мөлшері немесе нысаны бойынша кесілген қағаз, картон, целлюлоза мақтасы және өзге де целлюлоза талшықтарынан жасалған жайма қағаз; қағаз салмағынан жасалған бұйымдар, қағаздар, картондар, целлюлоза мақтасы немесе целлюлоза талшықтарынан жасалған жайма қағаз, өзгелері:		
	-жолақ немесе таспа түріндегі немесе орамды гуммирленген немесе желімделген қағаз:		
4823 12	--өздігінен желімделетін:		

4823 12 100 0	---ені 10 см-ден аспайтын, атқыламайтын заттай немесе синтетикалық каучук жабылған	-	5
4823 12 900 0	---өзгесі	-	5
4823 19 000 0	--өзгесі	-	5
4823 20 000 0	-сүзгі қағаз және картон		5
4823 40 000 0		-	5

	-орамдағы, парақтардағы және дискідегі аспаптарды тіркеу үшін бағандар бөлінген қағаздар		
4823 60	-қағаздан немесе картоннан жасалған поднос, тостаған, тәрелке, кесе және ұқсас бұйымдар:		
4823 60 100 0	--поднос, тостаған және тәрелкелер	-	15
4823 60 900 0	--өзгелері	-	15
4823 70	-қағаз салмағынан жасалған, құйылған немесе сығымдалған бұйымдар:		
4823 70 100 0	--поднос және жұмыртқаларға арналған қораптар, құйылған	-	15
4823 70 900 0	--өзгелері	-	15
4823 90	-өзгелері:		
4823 90 100 0	-азаматтық авиацияға арналған прокладкалар, шайбалар және өзгелер	-	5
	--өзгелері:		
	---хаттарға, баспаға немесе басқа графикалық мақсаттарға арналған қағаз және картон:		
4823 90 120 0	----басылған, нығыздалған немесе перфорацияланған	-	5
4823 90 140 0	----өзгелері	-	5
	---өзгелері:		
4823 90 150 0	----жолақтар немесе таспалар түріндегі немесе басқа да нысандағы перфораторлар үшін перфорацияланбаған карталар		5
4823 90 200 0	----жаккард және ұқсас машиналар үшін перфорацияланған қағаз және картон	-	5
4823 90 300 0	----опахал немесе желпуіш: оларға рамалар және осындай рамалардың бөліктері	-	

			15
	----өзгелері:		
4823 90 500	-----мөлшері бойынша немесе нысаны бойынша кесілген:		

4823 90 500 1	-----конденсаторлық қағаз	-	5
4823 90 500 9	-----өзгелері		15
4823 90 90	-----өзгелері:		
4823 90 901 0	-----конденсаторлық қағаз	-	5
4823 90 902 0	-----целлюлоза талшықтарынан қағаз, картон, жайма қағаз, өзгелері	-	15
4823 90 909 0	-----өзгелері	-	15

49-топ

Баспа кітаптары, газеттер, репродукциялар және полиграфия өнеркәсібінің басқа да бұйымдары; қолжазбалар, машинкамен басылған мәтіндер және жоспарлар

Ескертпелер :

1. Аталған топқа:

- а) мөлдір негіздегі фотографиялық негативтер немесе позитивтер (37-топ);
- б) басылған немесе басылмаған рельефтік географиялық карталар, жоспарлар немесе глобустар, (9023 тауар позициясы);
- в) ойын карталары немесе 95-топтың басқа да тауарлары; немесе
- г) гравюралардың, эстамптардың немесе литографиялардың түпнұсқалары (9702 тауар позициясы), почталық маркалар немесе мембаждардың маркалары, төлеудің бірінші құнын қоса алғанда, почталық төлем белгілері, почталық кеңселік керек-жарақтар немесе 9704 тауар позициясының

ұқсас заттары, 100 жылдан аса жастағы антиквариат немесе 97-топтың басқа да бұйымдары енгізілмейді.

2. 49-топтағы баспа»термині есептеу машиналарының көмегімен алынған көбейту машиналарына, сондай-ақ өнерлеу, фотоға түсіру, фотокөшіру, термокөшіру немесе машинамен жазу жолымен жасалған материалдарға да қолданылады.

3. Қағазбен түптелгендерді қоспағанда, түптелген газеттер, журналдар мен мерзімді басылымдар және бір мұқабаға бірден астам саны біріктірілген газеттердің, журналдардың немесе басқа да мерзімдік басылымдардың тігінділері оларда жарнамалық материалдардың бар-жоқтығына қарамастан 4901 тауар позициясына енгізіледі.

4. 4901 тауар позициясына сондай-ақ:

а) репродукцияның басылым жинақтары, мысалы, түсіндірме мәтіні бар, бір немесе бірнеше томдарға мұқабалау үшін ыңғайлы нысанда немірленген беттерімен өнер шығармалары немесе суреттер:

б) мұқабаланған томдарға ілесіп жүретін және оларды толықтыратын безендірілген қосымшалар; және

в) бүкіл шығарманы немесе оның белігін құрайтын және түптеу үшін арналған іріктелген немесе жеке парақтар немесе сигнатур түріндегі және кітаптардың немесе брошюралардың баспалық бөліктері де енгізіледі.

Алайда, түсіндірме мәтіні жоқ сигнатура немесе бөлек парақтар нысанындағы суреттердің немесе иллюстрациялардың репродукциялары 4911 тауар позициясына енгізіледі.

5. Аталған топқа 3-ескертпенің ережелері сақталған жағдайда 4901 тауар позициясына мәні бойынша жарнамаға арналған (мысалы, брошюралар, проспектілер, үндеухаттар, сауда каталогтары, жылнамалар, сауда қауымдастықтары басқан, туристік проспектілер) жариялымдар енгізілмейді. Осыған ұқсас жариялымдар 4911 тауар позициясына енгізіледі.

6. 4903 тауар позициясындағы»"балалар кітаптары-суреттері" термині негізгі мүддесін суреттер білдіретін, мәтіні қосалқы болып табылатын балаларға арналған кітаптарды білдіреді.

СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Қос. өлш. бір.	Баж ставкасы (кеден құнының пайызымен не евромен)
4901	Баспа кітаптары, брошюралар, мұқабаланған немесе бөлек парақтар түріндегі үнқағаздар және ұқсас баспа материалдары:		

4901 10 000 0	-жеке парак түріндегі фальцтелген немесе фальцтелмеген	-	0
	-өзгелері:		
4901 91 000 0	--сөздіктер және энциклопедиялар және олардың шығарылу сериясы	-	0
4901 99 000 0	--өзгелері	-	0
4902	Суретті немесе суретсіз, жарнамалық материалдары бар немесе жоқ газеттер, журналдар және басқа да мерзімді басылымдар:		
4902 10 000 0	-аптасына кемінде төрт рет шығарылатын	-	0
4902 90	-өзгелері:		
4902 90 100 0	--апта сайын шығарылатын	-	0
4902 90 300 0	--ай сайын шығарылатын	-	0
4902 90 900 0	--өзгелері	-	0
4903 00 000 0	Балалардың сурет кітабы, сурет салуға арналған немесе бояуға арналған кітаптар	-	0
4904 00 000 0	Басылған немесе қолжазба, мұқабаланған немесе мұқабаланбаған, безендірілген немесе безендірілмеген ноталар	-	0
4905	Атластарды қоса алғанда, басылған географиялық және гидрографиялық карталар немесе барлық түрдегі ұқсас карталар, топографиялық жоспарлар және глобустар:		
4905 10 000 0	-глобустар	-	0
	-өзгелері:		
4905 91 000 0	--кітап түрінде	-	0
4905 99 000 0	--өзгелері	-	0
4906 00 000 0	Сәулет, инженерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық, топографиялық немесе ұқсас мақсаттарға арналған түпнұсқаны білдіретін, қолмен орындалған жоспарлар мен сызбалар; қолжазба мәтіндері; сенсбилизациялы	-	

	қағаздағы фоторепродукциялар және жоғарыда аталған тауарлардың көшірілген даналары		0
4907 00	Онда танылған атаулы құны бар немесе болатын елде жойылмаған, ағымдағы немесе жаңадан шығарылған почталық маркалар, мембаж маркалары немесе ұқсас маркалар; елтанбалы қағаздар, банкноттар; түбіртек кітаптар; акциялар, облигациялар немесе бондар және құнды қағаздардың ұқсас түрлері:		
4907 00 10	-почта маркалары, мемлекеттік баж маркалары және ұқсас маркалары		
4907 00 101 0	--акцизделген маркалардың акциздік маркалары	-	15
4907 00 109 0	--өзгелері	-	15
4907 00 300 0	-банкноттар	-	0
4907 00 900 0	-өзгелері	-	15
4908	Аудару суреттері (декалькомания):		
4908 10 000 0	-әйнектелуге қабілетті аудару суреттері (декалькомания),	-	15
4908 90 000 0	-өзгелері	-	15
4909 00	Басылған немесе суретпен безендірілген почталық открыткалар; құттықтаулар, сәлемдемелер немесе хабарлаулар басылған, суретпен безендірілмеген, конверті бар немесе конвертсіз, әшекейленген немесе әшекейленбеген кәртішкелер:		
4909 00 100 0	-баспалық және безендірілген почталық маркалар	-	15
4909 00 900 0	-өзгелері	-	15
4910 00 000 0	Жыртпалыны қоса алғанда, басылған күнтізбелердің барлық түрлері:	-	15
4911	Баспа репродукцияларын және фотографияларды қоса алғанда, басқа да баспа өнімдері:		
4911 10	-жарнама саудасының материалдары, тауар каталогі және ұқсас өнімдер		
4911 10 100 0	--тауар каталогтары	-	

			15
4911 10 900 0	--өзгелері	-	15
	-өзгесі:		
4911 91	--репродукциялар, сызбалар және фотографиялар		
4911 91 100 0	---бір безендіруі немесе репродукциялары бар, мәтінсіз немесе қол қоюсыз, әр түрлі елдерде бір немесе бірнеше тілдерде шығарылатын кітаптар немесе мерзімдік басылымдар үшін арналған фальстелген парақтар (жарнамалық тауар материалдарынан басқа)	-	0
4911 91 800 0	---өзгелері	-	0
4911 99 000 0	--өзгелері	-	15

ХІ бөлім

Тоқыма материалдары мен тоқыма бұйымдары

50-топ

Жібек

Ескертпелер :

1. Аталған бөлімге:

а) шөткелерді жасауға арналған қылшықтар немесе жануарлардың қылы (0502-тауар позициясы); жылқының жалы немесе оның қалдықтары (0503-тауар позициясы);

б) әдетте май сығу үшін немесе оған ұқсас мақсаттар үшін (5911 тауар позициясы) престерде пайдаланылатын фильтрленген маталардан басқа адам шашы немесе олардан жасалған бұйымдар (0501, 6703 немесе 6704 тауар позициясы);

в) мақта линті немесе 14-топтағы өсімдіктер тегінің басқа да материалдары;

г) 2524 тауар позициясындағы асбест немесе олардан немесе 6812 немесе 6813 тауар позициясындағы басқа да материалдардан жасалған бұйымдар;

д) 3005 немесе 3006 тауар позициясындағы бұйымдар (мысалы, мақта, дәке, байлама материалы және медициналық, хирургиялық, стоматологиялық немесе ветеринарлық мақсаттарға арналған оларға ұқсас бұйымдар, стерильді

хирургиялық тігіс материалдары); 3306 тауар позициясының бөлшек сауда үшін жеке орамдағы тіс аралық қуыстарды тазалауға арналған жіптер (тіс жібегі);

е) 3701-3704 тауар позициясындағы сенсibiliзорлық тоқыма материалдары;

ж) мөлшері 1 мм-ден асатын көлденең кесетін дара жіптер немесе жалпақ жіптер немесе ені 5 мм-ден асатын пластмассадан жасалған оған ұқсас нысандар (мысалы, жасанды сабан) (39-топ) немесе өрме бұйымдар, немесе маталар, немесе басқа да кәрзеңке немесе даражіптерден немесе жалпақ жіптерден жасалған өрме бұйымдар (46-топ);

з) маталар, машинамен немесе қолмен іліп тоқылған тоқыма жаймалар, киіз немесе фетр немесе пластмассамен қатырмаланған немесе жабылған, өңделген мата емес материалдар немесе олардан жасалған 39-топтың бұйымдары;

и) маталар, машинамен немесе қолмен іліп тоқылған тоқыма жаймалар, киіз немесе фетр немесе резинадан қатырмаланған немесе жабылған, өңделген мата емес материалдар, немесе олардан жасалған 39-топтың бұйымдары;

к) қылды немесе жүнді терілер (41 немесе 43-топ) немесе табиғи үлбірден жасалған бұйымдар, жасанды үлбір немесе 4303 немесе 4304 тауар позициясындағы олардан жасалған бұйымдар;

л) 4201 немесе 4202 тауар позициясындағы тоқыма материалдарынан жасалған бұйымдар;

м) 48 топтың тауарлары немесе бұйымдары (мысалы, целлюлоза мақтасы);

н) аяқ киім немесе оның бөліктері, гетрлер немесе гамаштар немесе 64-топтың оларға ұқсас бұйымдары;

о) шашқа арналған торлар немесе бас киімдер немесе олардың 65-топтағы бөліктері;

п) 67-топтың тауарлары;

р) абразивті жабындысы бар тоқыма материалдары (6805 тауар позициясы), сондай-ақ көмірқышқыл талшықтары немесе 6815 тауар позициясындағы олардан жасалған бұйымдар;

с) шынылы талшықтар немесе көрнекті фонмен қоса шынылы жіптен жасалған кестелерден басқа, олардан жасалған бұйымдар (70-топ);

т) 94-топтың бұйымдары (мысалы, жиһаз, төсек жабдықтары, шамдар және жарық құралдары);

у) 95-топтың бұйымдары (мысалы, ойыншықтар, ойындар, спорт мүкәммалы және торлар);

ф) 96-топтың бұйымдары (мысалы, шөткілер, тігу үшін жол жиынтығы,» сыдырма»түймелеу және басатын машинкаларға арналған таспалар); немесе

х) 97-топтың тауарлары енгізілмейді.

2А. 50-55-топтарға немесе 5809 немесе 5902 тауар позициясына енгізілген және екі немесе одан да көп тоқыма материалдардың қоспасынан тұратын

тауарлар, осы тауардағы кез келген басқа тоқыма материалымен салыстырғанда салмағы басым сол тоқыма материалдар бойынша жіктелуі мүмкін.

Егер де тоқыма материалдардың бір де біреуі салмағы жағынан басым болмаса, онда осындай тауарлар қарастырылатын тауарлар позицияларының арасында кодтардың өсуі тәртібінде тауар позициясына соңғы болып енгізілетін тоқыма материалы бойынша жіктелуі мүмкін.

2Б. Жоғарыда келтірілген ережелерді қолдану кезінде:

а) жылқының жалынан жасалған зер жібі (5110 тауар позициясы) және металданған жіп (5605 тауар позициясы) оның салмағы, оның бөліктері массаларының сомасы ретінде қабылданатын бірыңғай тоқыма материалы ретінде қарастырылуы керек; маталарды жіктеу кезінде металданған жіп тоқыма материалы ретінде қаралуы керек;

б) жақын тауар позициясын таңдау кезінде біріншіден тобы анықталады, содан кейін аталған топқа қосылмайтын материалдарды назарға алынбастан осы топтың ішіндегі тиісті тауар позициясы анықталады;

в) екі, 54 және 55 топтың топтары кез келген басқа топпен байланысты болған жағдайларда олар бірыңғай топ ретінде қаралуы керек;

г) топқа немесе тауар позициясына әр түрлі тоқыма материалдарынан тауарлар енген жағдайда осындай материалдар бірыңғай тоқыма материалы ретінде қаралуы керек.

2В. Жоғарыда, 2А және 2Б ескертпелерінде берілген ережелер төменде 3 (А, Б), 4 (А, Б), 5 және 6-ескертпесінде айтылған иірімжіптерді жіктеу кезінде қолданылады.

3А. Осы бөлім шегінде төменде, 3Б ескертпесінде айтылған ерекшеліктерді сақтау шартында одан әрі сипатталған:

а) 20 000 дтекстен асатын сызықтық тығыздықтағы жібек жіптер мен жібек қалдықтарынан;

б) 10 000 дтекстен асатын сызықтық тығыздықтағы химиялық жіптерден (54-топтың екі немесе одан да көп даражіптерден жасалған жіптерді қоса алғанда);

в) мынадай:

i) 1429 дтекс немесе одан да көп сызықтық тығыздықта жылтыратылған; немесе

ii) 20 000 дтекстен асатын сызықтық тығыздықтағы жылтыратылмаған пенка және зығыр талшықтарынан;

г) үш немесе одан да көп кокос жаңғағының қосындысынан жасалған талшықтардан;

д) 20 000 дтекстен асатын сызықтық тығыздықтағы басқа да өсімдік талшықтарынан;

е) металданған жіппен жіптелген жасалған (жалаң, көп есілген (есілген), немесе бір рет есілген) жіптерді»"қамшы, арқан, трос"» ретінде қарастыру керек.

3Б. Ерекшелік:

а) жүннен жасалған немесе басқа да жануар талшықтарынан жасалған иірімжіптер және металданған жіппен жіптелген иірімжіптерден басқа, қағаз иірімжібі;

б) 55-топтағы химиялық жіптің ширақжібі және иірілмеген немесе 54-топтың 5 кр/м-ден кем емес иірілген жиынтық жіп;

в) 5006 тауар позициясындағы жібек құртының фиброинынан жасалған талшық немесе 54-топтың даражіптері;

г) 5605 тауар позициясындағы металданған жіптер; металданған жіппен жіптелген иірімжіп жоғарыда келтірілген 3А (е) ескертпесіне сәйкес енгізіледі; және

д) 5606 тауар позициясындағы синель иірімжібі, зер жібі және фасонды ілмектегіш иірімжіп.

4А. 50, 51, 52, 54 және 55-топтарында төменде, 4Б ескертпесінде айтылған ерекшелікті сақтау шартымен»бөлшек сауда үшін өлшеніп салынған»термині:

а) картон, пластина орауыштарындағы, патрондардағы немесе

i) жібек жіптер, жібек қалдықтар немесе химиялық жіптер үшін - 85 г; немесе

ii) өзге де иірімжіптер үшін - 125 г аспайтын салмақта ұқсас

тасымалдаушыларда (тасымалдаушының салмағын қоса алғанда);

i) 3000 дтекстен кем сызықтық тығыздықтағы химиялық жіптер, жібек жіптер немесе жібек қалдықтар үшін 85 г;

ii) 2000 дтекстен кем сызықтық тығыздықтағы өзге де иірімжіптер үшін - 125 г; немесе

iii) өзге де иірімжіптер үшін 500 г-нан аспайтын салмақтағы шүйкелерде, келептерде немесе жөргемдерде;

в) бірнеше келептерді немесе жөргемдерді қосатын, жіптермен бөлінген, оларды бір-бірінен тәуелсіз ететін әрі осы кіші келептердің немесе жөргемдердің әрқайсысының салмағы:

i) жібек жіптер, жібек қалдықтары немесе химиялық жіптер үшін - 85 г;

ii) өзге де жіптер үшін 125 г.

4Б. Ерекшелік ретінде :

а) мыналардан басқа, кез келген тоқыма материалының біржіпті иірімжібі:

i) жүннен немесе жануардың жұқа қылынан жасалған біржіпті ағартылмаған иірімжіптерден; және

ii) 5000 дтекстен астам сызықтық тығыздықтағы ағартылған, боялған немесе басылған жануардың жүнінен немесе жұқа қылынан жасалған біржіпті;

б) көп есілген (есілген) немесе бір рет есілген, ағартылмаған иірімжіп;

i) жібек жіптерден немесе жібек қалдықтарынан жасалған, өлшеніп салынған; немесе

ii) келептерде немесе жөргемдерде жануардың жүнінен немесе жұқа қылынан жасалған иірімжіптерден басқа, басқа да тоқыма материалдарынан жасалған көп есілген (есілген) немесе бір рет есілген, ағартылмаған иірімжіп;

в) 133 дтекстегі сызықтық тығыздықтағы ағартылған, боялған немесе басылған жібек жіптерден немесе жібек қалдықтарынан жасалған көп есілген (есілген) немесе бір рет есілген иірімжіп;

г) кез келген тоқыма материалдарынан жасалған көп есілген (есілген) немесе бір рет есілген біржіпті:

i) келептерде немесе жөргемдерде айқұш-ұйқыш оралған; немесе

ii) тасымаушыларда оралған немесе оның тоқыма өнеркәсібінде пайдаланылғандығын көрсететін басқа да әдіспен оралған (мысалы, собықта, дөңгеленетін шөлмектер мен патрондарда, жылқы иіршіктерінде немесе ұршықтарда немесе кестелеу машинасы үшін піллә нысанында) кез келген тоқыма материалдарынан жасалған көп ширатылған (ширатылған) немесе бір рет ширатылған иірімжіп.

5. 5204, 5401 және 5508 тауар позицияларындағы»"тігін жіптері"»термині:

а) салмағы 1000 г аспайтын (тасымалдаушыны қоса алғанда) тасымалдауға бөлшектенген (мысалы, шөлмектер, патрондар);

б) тігін жіптері ретінде пайдалану үшін аппреттелген;

в) соңғы оңқай ширатымдағы көп ширатылған (ширатылған) немесе бір рет ширатылған иірімжіпті білдіреді.

6. Осы бөлімде»"жоғары беріктік иірімжібі" термині үзу жүктемесін - Н/тексте (тексте сантиньютонда) өлшенетін:

